

3

Атақты ғалым,
ардақты азамат

4

Табиғи өнімге
сұраныс жоғары

Сыр бойы

№105 (20981) 15 шілде, сейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kzwww.instagram.com/syrboyi_kzt.me/syrboyi_kztwitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

«QAZAQGAZ» ҰК» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «QazaqGaz» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Санжар Жаркешовті қабылдады. Басқарма төрағасы ұлттық компанияның атқарған жұмысының нәтижесін таныстырды.

Президентке бүгінгі таңда еліміздегі газдандыру деңгейі 62,4 пайызға жеткені жөнінде баяндалды. Соңғы үш жылда 1,7 миллион отандасымыз табиғи газдың игілігін көре бастады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Жетісу облысының 66 елді мекенін газбен қамтамасыз ететін «Талдықорған-Үшарал» газ құбырының желілік бөлігінің құрылысы аяқталғаны туралы есеп берілді. Бұдан бөлек, «Қашаған» кен орнында сұйытылған мұнай газын ауыстырып тиеу және фракциялау зауытының құрылысы, «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының екінші желісін салу жұмыстары басталды. Түрік инвесторы ESTA компаниясының қатысуымен құны 1,35 миллиард доллар болатын карбамид зауытының жобасы қолға алынды.

Санжар Жаркешовтің айтуынша, ресейлік «көгілдір отынды» Қазақстан арқылы Өзбекстанға тасымалдау көлемінің артуы – саладағы маңызды жетістіктің бірі. Сондай-ақ ұлттық компания басшысы «Орта Азия – Орталық» магистральдік газ құбырында жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстары жөнінде айтты. Аталған жоба өңірлік энергетика саласындағы маңызды буын ретінде еліміздің ролін арттыра түседі.


Мемлекет басшысының газдың ресурстық базасын дамытуға қатысты тапсырмасын орындау аясында бірқатар стратегиялық келісімге қол қойылды. Олардың қатарында «Аққұдық» және «Северный-2» учаскелеріндегі жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар, сондай-ақ CNPC компаниясымен бірлесе «Северный-1» учаскесінде барлау жұмыстарын жүргізу туралы келісім бар.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысына газ саласында цифрлық шешімдер енгізу, соның ішінде NVIDIA жаңа графикалық чиптерімен жұмыс істейтін суперкомпьютерді қолдану жоспары жайында баяндалды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев алдағы жылыту маусымына дайындыққа, еліміздің газ саласындағы әлеуетін жоспарлы түрде нығайтуға қатысты бірқатар нақты тапсырма берді.

/// ӨРКЕН

ҮЛКЕН ЖОЛДЫҢ БОЙЫНДАҒЫ «ШАҒАН» – ЕҢБЕК ПЕН БІРЛІКТІҢ МЕКЕНІ



Облыс орталығынан 60 шақырым қашықта орналасқан Сырдария ауданына қарасты «Шаған» ауылы 1928 жылы құрылған. Орналасқан аумағы мен халық саны жағынан өзге ауылдардан үлкен елдімекен. «Ауыл – ел бесігі», «Ауыл аманаты» бағдарламалары аясында ауқымды жобалар қолға алынып, іске асуда. Әлеуметтік-экономикалық бағыты айқын ауылдық округ тұрғындары шаруасын дөңгелентіп отыр. Өткен аптада даму перспективасы жоғары ауылдың тыныс-тіршілігін көріп, танысып қайтқан едік.

ГАЗ ҚҰБЫРЫ ТАРТЫЛУДА

Бүгінде өсіп-өнген ауылда 4500-ден астам тұрғын бар. Елді мекенде ауыл әкімінің аппараты, мектеп-лицей, әуез мектебі, спорт мектебі, 3 балабақша, ауылдық аурухана, мәдениет үйі, кітапхана, «Қазпошта» бөлімшесі, телефон байланысы, ветеринариялық пункт халыққа қызмет етеді. Кіреберісте ауылдың жаңа паспорты орналасқан. Биыл ауыл тұрғындары «көгілдір отынға» қол жеткізіп, игілігін көрмек. Оны көше

бойындағы қызу тіршіліктен байқадық.

Ауылдық округ әкімінің міндетін атқарушы Мейірім Ерекенова бізді қарсы алып, атқарылып жатқан жұмыстармен таныстырды. Бұған дейін ауданға қарасты Қалжан ахун, Сәкен Сейфуллин, Асқар Токмағанбетов, Нағи Илиясов ауылдары газға қосылса, енді «Шаған» елді мекеніне де табиғи газ құбыры тартылуда.

Құрылыс басында болып, мамандармен тілдескен едік. Аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Мейірхан Бақытжанұлының

айтуынша, жобаның жалпы құны – 2,6 млрд теңге. Орындаушы – «АЭС and Limited» ЖШС.

Өткен жылы республикалық бюджеттен 300 млн, облыстан 1 млрд теңге бөлінген. Биыл тағы 1 млрд теңге берілген.

– Бүгінге дейін 55 шақырым орташа және төменгі қысымды газ құбыры жүргізілді. Жалпы жоспарлы жұмыстың 70 пайызы орындалып тұр. Ауыл тұрғындары биыл «көгілдір отынның» игілігін көреді, – дейді ол.

2-бет

/// ЕЛ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

«СЛАВЯН БАЗАРЫНАН» ГРАН-ПРИ ИЕЛЕНДІ

XXXIV халықаралық «Витебск-2025» эстрадалық өн орындаушылары байқауында Гран-при жүлдесі қазақстандық Алмагүл Батталиеваға бұйырды. Бұл туралы Қазақпарат агенттігі БЕЛТА-ға сілтеме жасап хабарлады.

Витебск қаласында өткен «Славян базары» халықаралық фестивалінің жас орындаушыларға арналған беделді байқауында қазақстандық әнші Алмагүл Батталиева жеңіске жетіп, Гран-при иегері атанды. Екі күнге созылған байқау қорытындысы бойынша ол 137 ұпай жинады. Финалда әнші жүрек тебірентерлік «Вечность» әнін орындап, көрермендердің көшеметіне және қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды.

Бірінші орын беларусьтік Валерия Бернатовичке бұйырса, екінші орынды Армениядан Давид Киракосян мен Италиядан Доменико Барбера бөлісті. Ал үшінші орынды ресейлік Эрик Ахметов пен қырғызстандық Рыскелді Сарбеков иеленді.

ҚАНДАЙ АҚШАНЫ АЙЫРБАСТАУҒА БОЛМАЙДЫ?

2021 жылғы 12 маусымнан бастап Қазақстанда 2006 жылы шығарылған банкноттарды айырбастаудың мерзімсіз кезеңі бар. Айналымнан шыққан 2006 жылғы үлгідегі банкноттарды Ұлттық банктің филиалдарында мерзімі бойынша қандай да бір шектеусіз айырбастауға болады.

Ұлттық банктің Tengrinews.kz-ке берген жауабына сүйенсек, мерейтойлық банкноттар заңды төлем құралы саналады, олар екінші деңгейдегі банктер, «Қазпошта» бөлімшелері, сондай-ақ Ұлттық банк филиалдарында еш шектеусіз қабылданады және айырбасталады.

«2011-2017 жылдар аралығында шығарылған «Қазақ Елі» сериялы банкноттар белгіленген кезең ішінде айналыстан алынады. Осы кезең аяқталғаннан кейін барлық банк пен «Қазпошта» ескі үлгідегі банкноттарды 3 жыл ішінде жаңа үлгідегі банкноттарға айырбастайды, ал Ұлттық банк филиалдары ескі үлгідегі банкноттарды мерзімі бойынша шектеусіз қабылдайды. 2006 жылға дейін шығарылған барлық басқа банкнот айырбасталмайды және айналыстан алынған деп есептеледі» деп жазылған жауапта.

Қазақстандықтарда 90-жылдар үлгісіндегі теңге сақталса, бүгінде олардың ешқандай құны жоқ және олар айырбасталмайды.

Ұлттық банк мәліметінше, 2024 жылдың басынан бері қазақстандықтар 2006 жылғы 500 теңгені 17 миллион теңгеден аса сомаға 35 058 банкнотқа, 2006 жылғы 1000 теңгені 18 миллион теңгеден аса сомаға 18 248 банкнотқа айырбастаған.

НЕСИЕ КЕЙІНГЕ ШЕГЕРІЛУІ МҮМКІН

Қазақстанда халықтың кей топтарына несиеcін кейінге шегеру мүмкіндігін беру қарастырылып жатыр. Әлеуметтік осал топтар мен төтенше жағдайдан зардап шеккендердің несиеcіне қатысты өзгерістерді қамтитын жоба құжаты Ашық НҚА порталында жарияланды, – деп жазады Nur.kz.

«Микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістерді қарау қағидаларын бекіту туралы» 2021 жылғы 16 шілдедегі №82 және «Банктік қарыз шартының талаптарына өзгерістерді қарау қағидаларын бекіту туралы» 2021 жылғы 16 шілдедегі №84 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі басқармасы қаулысының жобасы мыналарды көздейді:

1) халықтың әлеуметтік осал топтары (ТЖА-мен) және ТЖ-дан зардап шеккендер үшін кейінге қалдыруды енгізу;

2) растайтын құжаттар болған кезде қарыз алушының (ХӨӨТ немесе ТЖ-дан зардап шеккен адамның) табысы төмендеген кезде комиссиясыз кемінде үш ай мерзімін кейінге қалдыру міндетін белгілеу;

3) қарызды өтеу мүмкін еместігін тудырған өмірлік мән-жайдың сипатына қарай қарыз алушыдан құжаттарды сұрату тәртібін нақтылау және қосымша түріндегі осындай құжаттардың тізбесі қосылды» делінген хабарламада.

«СБ» ақпарат

/// НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

ҚАЛАДАҒЫ БАЗАРЛАР ҚАЛЫПҚА КЕЛТІРІЛЕДІ

Қала әкімдігінің баспасөз қызметі алаңында қалалық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Мұхтар Жетілгенов жергілікті БАҚ өкілдерімен кездесіп, салада атқарылып жатқан жұмыстар барысын баяндады.

Күнделікті көріп жүрміз, қазір қалада сауда базарларын жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Айталық, әмбебап базарларды жаңғырту жұмыстары аясында «Қанат» базары толық жаңғыртудан өтті. Ал өткен жылы қолға алынған «Сұлтан» базарының жаңғырту жұмыстары қазір аяқталуға жақын. Сонымен бірге, жаңғыртудың жол картасына енгізілген қалған 3 базардың құжаттары рәсімделіп, екінші деңгейлі банктермен несиелендіру бойынша келіссөздер жүргізілуде.

Бөлім басшысының айтуынша, биылғы алты айдағы көрсеткіш бойынша қалада тіркелген кәсіпкерлердің саны 35102-ге жетіп, оның ішінде жұмыс жасап тұрғандар 33519, яғни 95,5 пайызды құрады. Сонымен қатар, бүгінде кәсіпкерлік секторында жұмыспен қамтылғандар саны 69857 адамға жеткен. Ал өндірілген өнім көлемі 721 млрд 913 млн теңге, өсім 38,4 пайыз (200 млрд 228 млн).

– Биылғы қаңтар-мамыр айларында бөлшек сауданың нақты көлем индексі 103,9 пайыз, көтерме сауда 106,5 пайызды көрсетті. Жалпы 5 айдың қорытындысымен өнеркәсіп өндірісінің көлемі 217 млрд 743 млн теңгені құрап, оның ішінде өңдеу өнеркәсібі 38 млрд 117 млн теңгеге (107,5 пайыз) жетті.

3-бет

/// ЖАҒАШЫЛДЫҚ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ НЕМЕСЕ ШЫНАЙЫЛЫҚ

Күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналып бара жатқан жасанды интеллект бүгін ғана пайда болған жоқ.

Ол туралы алғашқы зерттеулер 1950 жылдары жүргізіліп, 1956 жылы осы термин қолданысқа енгізілген. Алайда дәл қазіргі уақытта оның мүмкіндіктері мен ауқымының артқаны сонша, әрбір салаға деңдеп еніп, тіпті жастардың сенімді серігі болуда.

Жуырда бір танысым баласының ChatGPT-ді жиі қолданатынын айтты. Оған күрделі сұрақтар беріп, ЖИ-дің өзін ойландырып қойған көрініде.

Сондай бір сәтте чат-боттың өзі: «Егер мен адам болсам, сенің досың болар едім. Сен өте терең әрі күрделі сұрақтар қоясың, жауап беруге қиналып қаламын» депті. Иә, расында қазір мектеп оқушысынан бастап студент жастар, тіпті үлкендер де осы чат-ботты көп қолданады.

4-бет

Фото: Ашық дереккөзден

Валюта бағамы: \$ 520,93 kzt

€ 609,07 kzt

₸ 6,68 kzt

Ауа райы: Сейсенбі

+36°

+20°

Сәрсенбі

+38°

+23°

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілістің күн тәртібінде бюджет қаржысын игеру, суармалы су тапшылығы, санитарлық тазалық, қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығы мәселелері талқыланды. Оған қала және аудан әкімдері, сала басшылары қатысты.



ҚАРЖЫ ЖОСПАРҒА СӘЙКЕС ИГЕРІЛУ ТИІС

— Барлық макроэкономикалық көрсеткіштің орындалуы, бюджеттің, оның ішінде республикалық бюджеттің игерілуіне қатысты ешқандай мәселе туындамауы тиіс. Жоспарға сәйкес қаржы ай сайын толық игерілуі қажет.

Су тапшылығы жағдайында алқаптарды кезектестіріп суару, насостар арқылы қашыртқыдан суару жұмыстарын бақылауда ұстанғыздар.

Өңірдегі туристік аймақтарды, демалыс орындары мен жол бойындағы сервистік

нысандарды талапқа сәйкестендіріп, қызмет көрсету сапасын тұрақты бақылаңыздар.

Әсіресе, демалыс орындары мен рұқсат етілмеген су айдындарында азаматтар мен балалардың қауіпсіздігі басты назарда болуы керек, — деді Н.Нәлібаев.

Сонымен қатар, аймақ басшысы қоғамдық-саяси ахуалды қатаң бақылауда ұстауды, санитарлық тазалық, сенбілік жұмыстарын тұрақты ұйымдастыруды жүктеді.

ДӘРІГЕРЛІК АМБУЛАТОРИЯ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТҮДЕ

Аудандағы ең үлкен елді мекен саналатын «Шаған» ауылындағы дәрігерлік амбулатория 1969 жылы құрылған. Сол уақыттан бері тұрғындарға медициналық көмек көрсетіп келеді. Сырдария аудандық ауруханасы бас дәрігерінің экономикалық

қағамдасыз етілген. Аз қағамдасыз етілген және көпбалалы отбасының балалары ыстық тамақ ішеді. Жыл сайын тамыз айында «Жалпыға бірдей білім беру» қорынан материалдық көмек те ұдайы беріліп келеді. «Мектепке жол» акциясы тұрақты ұйымдастырылып, жеке кәсіпкерлер мен «Шаған-Жер» ЖШС демеушілігімен оқу құралдары беріледі.

Мұндағы өнер мектебінде домбыра, баян, кобыз, шертер, би, терме

№14 «Алтын сақа-Шаған» бөбекжай-балабақшасында 4 топта 90 бала тәрбиеленуде. Жыл бойы республика көлемінде болып жатқан байқаулар мен жарыстарға қатысып жүздеп орындар иемденуде. Мәселен, биыл тәрбиеші Нүргүл Үмбетбаева «Үздік педагог - 2025» байқауының аудандық кезеңінен II орын алды. «Бақытты отбасы» республикалық байқауының аудандық кезеңінен Гүлмира Ыдырыс пен «Менің елім — менің бақытты

құрамында жеңілдетілген несие алып, сондай-ақ техниканы лизингке рәсімдеуге болады. Қарыз алу шарттары да өте тиімді, себебі ондағы пайыздық мөлшерлеме әлдеқайда төмен.

Ауылдық округте 3 гектар қосымша жер ашылған. Оған картоп, көкөніс, бақша дақылдарын ұжымдық түрде егу үшін «Қожабек» алма бағы, «Қызылқұм» жер учаскелері берілген.

Тұрғындар ауызсумен 100 пайыз қамтылған. Ауызсу құбыры «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы «Арал» республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалы тегінінде. Ауылға кіреберісте орналасқан каналдан берілетін аяқсу да үздіксіз ағып тұр.

Елді мекеннің орталық көшелері таза, көркейту-көгалдандыру жұмысы ұдайы жүргізілетіні көрініп тұр. Ішкі аяқсу арықтары да тазаланып, көшедегі талдар кесіліп, әктелген. Орталық көшелерге орнатылған анилаттар мен электр бағаналары әдемі сырланған.

Орталық алаң жаңа кейіпке енеді

Ауылдық округ әкімінің міндетін атқарушы Мейірім Ерекеновадан алда атқарылатын істер туралы сұраған едік. Айтуынша, елді мекеннің әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын жақсарту, көшелерді күрделі жөндеуден өткізу секілді жұмыстар жоспарланған. Бүгінде электр бағаналары толығымен жаңарған. Дегенмен, ауылшілікті бірнеше көшеге жөндеу жұмыстары қажет. Оның да жоба-сметалық құжаттары дайын.

Көшедегі аяқсу арықтарын жанарту алдағы уақыт еншісінде. Бірінші кезекте Есет би, Бекпанов көшесі, Т.Мұхамеджанов, А.Иманов түйығына жоба-сметалық құжат әзірленген. Ауылдық округтегі орталық алаң да жаңаша кейіпке енбек. Елді мекеннің көрікті жеріне айналатын алаңда субұрқақ орнатылып, қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілмек.

А.Атакаев көшесі мен «Самара-Шымкент» жолының бойына жаяу жүргінші жолын салудың және А.Атакаев көшесіндегі 1300 метр арықты жүргізудің жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, жұмыс жоспарланған.

Ә.Омаров көшесінің автомобиль жолы құрылысына облыстық бюджеттен қаражаты бөлініп, жұмысы атқарылууда. Т.Алжанов, Т.Мұхамеджанов, Ж.Бекпанов, А.Иманов, Ә.Түйғынов көшелерінің автомобиль жолдары құрылысының жұмысына бюджеттен қаржы бөлініп, мердігер анықталып қойған. Бұл шаруа да жуық арада басталамақ.

Жалпы «Шаған» ауылында толымды істер барын байқадық. Мұнда 2000-ға жуық экономикалық белсенді тұрғын болса, 13 жыл ардагері, 384 зейнеткер, 97 «Алтын алқа», 110 «Күміс алқа» иегері бар. 1200-ден астам жас та елді мекеннің көркейіп, гүлденуіне үлес қосуда. Ауызбірлігі жарасқан ауылда қоғамдастық кеңес, ардагерлер кеңесі, әйелдер кеңесі бірлесіп, түрлі тақырыптарды талқылап, өзекті мәселелер бойынша мәжіліс өткізеді.

Аудан орталығына қарап бой түзеп келетін ауылдың бүгінгі беталысы осындай. Егер алдағы уақытта инвесторлар демеушілік жасаса, облыс пен аудан арасын жалғап тұрған «Шаған» елді мекені де үлгілі ауылдық округтер қатарына қосауға болады.

Айсауле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы».

Суреттерді түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАРҚЫН ІСТЕР

Ауыл орталығында орналасқан №37 мектеп-лицейінде 900-ге жуық бала білім алады. Онда қызмет ететін 165 мұғалімнің 34-і зерттеуші, 59-ы сарапшы, 56-сы модератор. Биыл 65 түлек оқу бітірсе, оның ішінде 9-ы «Алтын белгі», 6-ы «Үздік аттестат» иегері атанған.

Мектеп-лицейде 1-4 сыныптың 217 оқушысы бір мезгіл ыстық тамақпен

сәкілді 6 үйірмеде 138, «Ақжарма» ауылдық филиалында 42, барлығы 180 оқушы дәріс алууда. Мектеп оқушылары әртүрлі байқауларға қатысып, жүлделі орындар иеленіп, ауылдың мақтанышына айналған.

Спортқа жақын балалар үшін №12 балалар-жасөспірімдер мектебі бар.

Онда 11 жаттықтырушы 770 оқушыға бағыт, спорттың сан түрінен дәріс береді. Ауыл балалары бокс, қазақша күрес, еркін күрес, дзюдо, белбеу күрес, футбол, волейбол, шахмат, үстел теннисінен облыстық, аудандық турнир, жарыстарға қатысып, жеңімпаз атануда.

Мектепке дейінгі тәрбие беретін

Аудан жаңалықтары



ТУРИЗМ: ТАЛАП ПЕН МІНДЕТ

Қала әкімі Нұржан Ахатовтың төрағалығымен туристік аймақтарға келушілерге қолайлы жағдай жасау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша арнайы мәжіліс өтті.

Шаһар басшысы қала аумағынан өтетін «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автомобиль дәлізі бойындағы сервистік кешендердің қызмет көрсету сапасын арттыруды тапсырды. Сондай-ақ күрежолдағы қоғамдық орындардың күтімі, тазалық тәртібі күнделікті бақылауда болуын міндеттеді.

Жиында тарихи ескерткіштер аумағының тазалығы, жазғы уақытта қоғамдық тамақтану мен суға шомылу орындарындағы санитарлық талап, қауіпсіздік мәселелері де назардан тыс қалмады.

ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚАТЫСТЫ РЕЙД

Өткен аптада ауданға қарасты Қамбаш көлінің «Аққұмшық» жағажайында суға шомылу маусымындағы қауіпсіздікке қатысты рейдтік шара өткізілді.

Онда судағы қауіпсіздік шаралары, демалыс аймағында ішімдік сатпау және санитариялық талаптардың сақталуы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Рейд барысында қауіпсіздік талаптарын сақтамаған 2 азаматқа айыппұл салынды.

ГАЗДАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ

Қазалы ауданында елді мекендерді газдандыру жұмыстары қарқынды жүргізіліп келеді.

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет елді мекендерді аралау барысында Жанқожа батыр, Бекарыстан би, Майдакөл және Ү.Түктібаев ауылдарына магистральды газ құбырын тарту жұмыстарын көрді.

Төрт ауылға тартылатын газ құбырының ұзындығы 56,8 шақырым. Бүгінде оның 41 шақырымына газ желілері жүргізілді. Бұл жұмыстармен мердігер мекеме «Отау – Строй» ЖШС айналысуда.

Айта кетейік, аталған жұмыс толығымен аяқталғаннан кейін аудандағы елді мекендерді газбен қамту көрсеткіші 73 пайыз болады.

ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАДЫ

Аудан әкімі Жандос Еркінбек тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдап, ұсыныстарын тыңдады.

Азаматтар тұрғын үй, жер және тұрақты жұмысқа орналасу мәселелерін көтерді. Қабылдауға онлайн қосылып, өзінің ұсынысын жеткізген тұрғындар да болды. Аудан әкімі әрбір тұрғынның мәселесіне жеке тоқталып, заңдылыққа сәйкес түсіндіріп өтті.

Қабылдауға келген азаматтардың арыз-шағымдары мен ұсыныстары бойынша жауапты басшыларға мүмкіндіктерді қарастыра отырып, заң аясында шешуді тапсырды.

ТАЗАЛЫҚ АКЦИЯСЫ ЖАЛҒАСУДА

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында сенбілік ұйымдастырылды.

Сенбілік барысында кент көшелері мен қоғамдық орындар тазартылды. Жиналған қоқыстар арнайы техникамен белгіленген орындарға шығарылды.

Аудан әкімі Ардак Ибраһимов сала басшылары мен кент әкіміне санитарлық талаптарды тұрақты бақылауда ұстап, жасыл желекті күтіп-баптау және аяқсуы уақытылы жеткізу бойынша нақты тапсырмалар берді. Сонымен қатар, сенбілікке белсенді қатысқан тұрғындарға алғысын білдірді.

САПАЛЫ ӨНІМ – ТАБЫСТЫ КӘСІПТІҢ ТІРЕГІ

Сырдариялық Азамат Ысқақов жетекшілік ететін «Искаков» жеке кәсіпкерлігі бүгінде тұрақты тұтынушыларын қапыптастырып үлгерген.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында пескоблок өндіру ісін бастаған кәсіпкер 6 миллион теңге жеңілдетілген несиеге қажетті құрал-жабдықтар алған. Үш адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Жанадан жолға қойылған бұл кәсіптің өнімдері қазірдің өзінде Қызылорда қаласы, жақын аудандар мен ауылдық елді мекендерге кеңінен саудалануда.

ҚАЗАҚ КҮРЕСІНЕН ОБЛЫСТЫҚ ТУРНИР

Шиелі ауданында тыл ардагері, құрметті теміржолшы Нұрғали Қауғанбайұлын еске алуға арналған қазақ күресінен облыстық турнир ұйымдастырылды.

Турнирдің ашылу салтанатында аудан әкімінің орынбасары Болатбек Ысмағұлов пен «Шиелісушар» өндірістік учаскесінің басшысы Дихан Әубәкіров қатысушыларға сәттілік тіледі.

Бәсекеге Қызылорда қаласы мен аудан орталықтарынан келген 2012-2013 жылы туған 100-ден астам жас балуан қатысып, 9 салмақ дәрежесі бойынша өзара мықтыны анықтады.

АЛҚАПТАРДЫ АРАЛАДЫ

Аудан әкімі Мәжит Самитов су тапшылығы мәселесіне байланысты күрші егістіктерін аралады.

Аралату барысында су кезектілігінің үшінші ауысымы жүріп жатқан «Аққорған», «Келінтөбе», «Қаратөбе» ауылдық округтеріндегі ішкі шаруашылық каналдарын тазалау жұмыстарын бақылады.

Шаруашылық құрылымдарының жетекшілері кезектесіп суару нәтижесі туралы айтып, биік таңаптарға егілген күрші егістіктері қашыртқы каналдарға қойылған насостар арқылы суландырылғанын жеткізді.

Аудан әкімі сала басшылары мен ауыл әкімдеріне ішкі шаруашылық каналдарының бойындағы олқылықтарды қысқа мерзімде орнына келтіруді тапсырды.

Дайындаған: Шынар БЕКБАН, «Сыр бойы»

ҚАЛАДАҒЫ БАЗАРЛАР ҚАЛЫПҚА КЕЛТІРІЛЕДІ

Негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 124 млрд 217 млн теңге болып, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда өсім 36,5 пайызды құрады. Қазіргі уақытта, осы жылға жоспарланған жылдық жеженің 38,4 пайызы орындалды. Тартылған инвестицияның нәтижесінде қала-да жалпы құны 233,6 млрд теңгені құрайтын 13 инвести-циялық жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр, – деді М.Жетісilenов.

Хабарлама барысында белгілі болғандай, 2025 жылдың І жартыжылдығында кәсіпкерлік саласында ауқымды жоба-лар жүзеге асырылған. Атап айтқанда, «Қызылорда Саз М» ЖПШ-ның заманауи кіріпш шығару зауыты, «Қызылорда-Нан» ЖПШ-ның нан-тоқаш кондитерлік өнім шығару ке-шені, машина жасау саласында «Марал-Нұр» ЖПШ-ның вагон жөндеу депосы және «Панабек» ЖПШ-ның жиһаз цехы іске қосылды. Бұдан бөлек, жақында «Rem Plast Invest» ЖПШ-ның қағаз бен картон өндірісі, «Ауна Glass» ЖПШ-ның жоғары технологиялы айна шығару зауыты, «Техоснастка-Ремсервис» серіктестігі мен «Тұмар» жеке кәсіпкерлігінің шағын өнеркәсіптік парктері, «Қаржаубаева» жеке кәсіпкерлігінің сауда үйі мен «Orhun Medical» ЖПШ-ның медициналық орталығы жұмысын бастайды. Сонымен қатар, жыл соңына дейін қуаттылығы 240 мегаваттық жаңа жылу орталығы пайдалануға беріледі.

Тағы бір тың жоба, «With You E&C Kyzylorda» серіктес-тігінің Оңтүстік Корея технологиясы бойынша қатты қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу, «Seven Rivers Technologies» серіктестігінің шыны сынықтарын қайта өң-деу және қалдеге жарату желісі бар шыны ыдыстарды шығару зауытының құрылысы бастау алады.

Қаланың сол жағалауында «Техоснастка-Ремсервис» жетекшілігімен және «Байқоңыр» ӘКК-мен бірлесе стацио-нарлық базар құрылысы жүріп жатыр. Оның қасында өнім базасы және койма салынуа. Осы жерден «Тұмар» жеке кәсіпкерлігі, шағын өндірісі іске қосылады.

Күнделікті көріп жүріміз, қазір қалада сауда базарларын жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Айталық, әмбебап базарларды жаңғырту жұмыстары аясында «Қанат» базар-ы толық жаңғыртылдан өтті. Ал өткен жылы қолға алынған «Сұлтан» базарының жаңғырту жұмыстары қазір аяқталуға жақын. Сонымен бірге, жаңғыртудың жол картасына енгі-зілген қалған 3 базардың құражатры рәсімделіп, екінші дең-гейлі банктермен несиелендіру бойынша келіссөздер жүр-гізілуде.

Бұл жұмыстардың нәтижесінде базарлардағы сауда орындарының барлығы жабық базарға көшіріледі. Айта ке-тейік, жабық базардың артықшылығы – ондағы азық-түлік, жеміс-жидек, көкөністер және басқа да тауарлардың сапасы бұзылмайды әрі қызмет көрсету мәдениеті жолға қойылады.

– Тұрақты бизнес пен кәсіпкерлік бастамаларды қаржы-ландыру шаралары да оң нәтижесін беруде. Мемлекет бас-шысының «Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы» кешенді жоспарының аясында «Ауыл аманаты» жобасы қабылданғаны белгілі. Биыл аталған бағдарлама аясында 238,83 млн теңгені құрайтын 34 жоба 2,5 пайызбен жеңілдетілген несиелен қаржыландырылды.

Бұдан бөлек, «Қызылорда» өңірлік инвестициялық ор-талығы» микроқаржылық ұйымы арқылы «Қызылорда об-лысының ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуді дамы-ту» пилоттық жобасы аясында 293,5 млн теңгеге 7 жоба қаржыландырылды. Аталған ұйымның «Іскер» бағдарла-масымен қалаға қарасты кент және ауылдық округтерден 6 пайызбен несие алуға 266,73 млн теңгені құрайтын 30 жоба ұсынылды.

Саладағы қолдаудың тағы бір тетігі – екінші деңгейлі банктердің кәсіпкерлік мақсатта ұсынған несиелерін «Даму» қорының субсидиялауы жалғасуда. Биыл жалпы құны 3 млрд 691 млн теңгені құрайтын 64 жобаға қаржылай қолдау көрсетілді.

Айта кету керек, кәсіпкерлік бастамаларды қолдау мемле-кеттік бағдарламалары аясында бөлінетін қаражат көлемі жыл сайын өсіп келеді. Сондай-ақ әкімшілік кедергілерді азайтып, қолдау алу үшін өтімін беру механизмдері авто-маттандырылған жүйеге енгізілуде, – дейді бөлім басшысы.

Қорыта айтқанда, қалада кәсіпкерлік аясы кеңейіп келеді. Бұл – өңірдің экономикасын көтеруден қатар, халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайының тұрақтылығына оң әсер етеді. Әсіресе, уақыт талабына сай қолға алынып отырған тың жобалар аймақтың өндірістік бағытындағы өзекті мәсе-лелерінің шешімі болмақ.



Сурет ашық дереккөзден алынды.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабы 6-тармағының талаптарына сәйкес, ШЖҚ «Қызылорда су жүйесі» МКҚ-ны «тұтынушылар мен өзге де тұлғалар алдында 2025 жылдың І жарты жылдығының қоры-тындылары бойынша бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтерін сапа мен сенімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есептерді», кәсіпорын 2025 жылдың шілде айының 29-шы жылдызында, Желтоқсан көшесі №156 мекен-жайында сағат 11.00-де өткізетінін хабарлаймыз.

Өткен жылдың аяғында Алматыдан телефон шалынды. Құлаққа тоссам, Рөкен, Раушанбек Әбсаттаров екен. Көптен мен де, ол да хабарласа қойған жоқ едік. Ол: – Өбеке, белгілі жасқа келіп қалыпсыз, ғылыми жұмысыңыздан хабардармын.

Сіз туралы мақала жазайын деп едім. Қалай қарайсыз? – десе болар ма?! Бұған риза көңілден басқа не айтасың? Сонымен не керек, қаңтардың 23-інде, туғаныма 85 жыл толған күні ҰҒА академигі, философия ғылымдарының док-торы, профессордың «Ғибратты ғұмыр» деген мақаласы «Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланды. Шынымды айтайын, бұл төтенше қуаныш болды.

1970 жылдары Қызылорда облыстық комсомол комитетінде хатшы кезімде Қазақстан комсомолы Орталық комитетін-де құрылған республикалық жас ғалымдар кеңесінің мүшесі, философия ғылым-дарының кандидаты Раушанбек Әбсат-таров келіп, жастар арасында ғылым ту-ралы әңгімелескен болатынбыз. Мен тіл не әдебиеттің ғылыми маманы болсам, аспирантураға түссем деп жүретінмін. Бұл пікірімді білген Рөкен «комсомолда жүрсіз, саяси ғылыммен айналысқаныңыз дұрыс қой» деді. Мен ойланып қалдым. Көп ұзамай Алматыға келгенімде Ұлттық Ғылым Ака-демиясы Философия және құқық инсти-тутының бөлім меңгерушісі, философия ғылымдарының докторы, профессор Марат Сужиковке жолықтық. Ол кісі бізді жақсы қабылдады, ойымызды қолдады. Бірақ Мәкен көп ұзамай Кубаға кетті. Арала бір жылдан асканда үйге ол кісіден жеделетк келді. Онда жолдасының денсаулығына Кубаның жақпағанын, қайтып келгенін, егер аспирантураға түскім келетін болса, тез хабарласуымды айтыпты. Несін соза беремін, аспирантураға да түстім, 1983 жылы философия ғылымының кандидаты деген ғылыми атаққа да ие болдым.

Ғылыми жетекшім Марат Сужиков кандидаттық диплом алған соң Алматыға жұмысқа шақырды. Оған отбасымның жағ-дайынан бара алмадым. Сонымен Қызыл-орда облыстық партия комитетінде бас-аяғы он жеті жарым жыл, оның он бір жылын үгіт-насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары, меңгерушісі болып қызмет еттім. Партия тараарын алдында 1991 жылдың бірінші жартысында Қызылорда облыстық телерадио хабарларын тарату компаниясының төрағасы қызметіне ауыс-тым. Осындағы төрт жарым жылдық қыз-метімнен кейін 1995 жылы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты болдым, 1999 жылы қайта сай-ландым. Бұларды тәптіштеп айтып оты-руымның бір мәнді себебі бар. Екінші рет депутат болған соң бірде Алматыда Қы-зылорда пединститутында оқыған, ештеп араласып жүрген философия ғылым-дарының докторы, профессор Әбдімәлік Нысанбаевпен кездесіп қалдым. Ол: «Өбеке, Парламентке екінші рет сайланып отырсыз, осыны неге докторлық жұмысқа тақырып етпейсіз. Жұрт Парламент туралы сырттан жазып жүр ғой» деп тосыннан мәселе де, сұрақ та қойды. Келіссем өзі кеңесші болатынын танытты. Не керек, докторантураға сырттай түсіп, 2006 жылы «Қазақстан Республикасының әкесіби Парла-ментінің қалыптасуы: саясаттанулық талдау» деген тақырыпта диссертация қор-ғап, саяси ғылымдар докторы ғылыми дә-режесіне ие болдым. Мұның барлығын ғылым жолымның бастауында Рөкен тұр-ғанын айту үшін жазып отырмын.

Раушанбек Әбсаттаров – Сыр бойынан түлеп ұшқан академиктердің бірін, 85-тің қыркасына шығып, 90-ға қол созған қоғам қайраткері, көрнекті ғалым-саясаттанушы, әлеуметтанушы, 40 шақты монография, кі-таптар, кітапшарлар, оқу құралдары және 600-ден астам ғылыми мақала жариялаған, есімі елімізде ғана емес, шетелдерге де белгілі ғалым.

Саясаттанудың теориялық мәселелері-мен де тұрақты айналысып келе жатқан Рөкен – саясаттануға қатысты ондаған ма-қаласын былай қойғанда, 2007 жылы жа-рық көрген «Саясаттану және оның пробле-малары» мен 2011 жылы басапдан шыққан, Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес жазылған «Саясаттану негіздері» атты көлемді де ір-гелі екі томдық оқу құралдарының авторы.

Мен саяси ғылымдар докторы болға-ныммен, бұл ғылымның теориялық мәсе-лелерімен айналысып жүргенім жоқ. Раушанбек Әбсаттаров ен бірінші саясат-танушы ғалым екенін тағы да қайталай отырып, жоғарыдағы еңбектері туралы аз-кем ойымды білдіре кетсем деп едім. Бұлар – жоғары оқу орындарының сту-денттеріне, магистрлерге, аспиранттар мен оқытушыларға, сондай-ақ жалпы саясат-тану проблемаларына қызығушылық таны-татындарға арналған құнды оқу құралдары. Бұл еңбектерді жазуға Рөкеннің осы ғы-лыми пәнінен көп жылдық оқытушылық тәжірибесі негіз болғаны айқын аңғары-лады. Бірінші оқу құралында саясаттану-дың ғылым, оқу пәні ретіндегі тарихы, ұғымдары мен категориялары, заңдары мен әдістері, саясаттану ғылымының қоғамдық өмір мен саяси билік жүйе-сіндегі, мемлекет пен азаматтық қоғам құрулағы, адамдардың саяси сана-сы мен мәдениетін қалыптастырудағы рөлі, т.б. мәселелер кенінен сөз болып, жан-жақты тарқатылған. Ал екі томдық оқу құралында қазіргі қоғам болмысындағы саясаттанудың негізгі ұғымдары, әдістер жүйесі мен сая-си технологиясы, Қазақстан мен әлем-дік қауымдастықтағы саяси дамудың өзекті мәселелері, саяси құрылымдар мен процестер, билік жүйесіндегі қарым-қа-тынастар, жинақтай айтқанда, бүгінгі сая-саттанудың ғылым және оқыту пәні ретін-дегі мәселелері кенінен сипатталған. Бұл оқулықтар Рөкенді саясаттанушы ғана емес, осы пәнінің тамаша оқытушысы ретінде, саясаттану ғылымынан туындай-тын қоғамдағы күрделі мәселелерді оқу пәніне айналарға алған терең білімді, кең ойлы ұстаз, бар білім-тілімн шәкірт санасына нақты жеткізе білетін шебер ұйымдастырушы ретінде де танытқан.

Жоғарыдағылардан түйіндейтін айқын мәселем, саясаттану ғылымына шын ықы-ласпен көңіл бөлген жас ұрпақтың келе-шегіне сенімім мол. Өзім саясаттанушы ретінде саясаттануды әсте ғылым ғана

деп түсінбеймін, бұл өмір, өмір сүрудің таптырмас жолы, табысқа жетудің әдіс-тәсілдері десем артық айта қоймаспын. Өрбір азамат бұл ғылымнан хабардар болса, оның өмірі мазмұнды да мәнді болар еді. Мұны әсіресе мемлекеттік қызметкерлер үшін аса маңызды дегім келеді. Себебі мемлекеттің озықтығы да, тозықтығы да оның басшысына, ол жүйеде қызмет ететін қызметкерлерге байланысты. Сол себепті де мемлекеттік қызметкерлер өздерінің мамандықтарына қарамай, ең бірінші саяси қайраткер болуы қажет деп түсінемін. Ал саяси лауазымды басшылар үшін саяси сергектік, тіпті саяси көрегендік аса қажет қасиеттер деп түсінемін.

АТАҚТЫ ҒАЛЫМ, АРДАҚТЫ АЗАМАТ

Бүгінде түрлі деңгейдегі әкімдер бар. Алайда оларда саяси қайраткерлік қасиеттер жетісе бермейді. Сәл ертерек Астана қала-сының өзін тұратын Сарыарқа ауданы әкімінің есеп жиналысына қатыстым. Ол біріншіден, жиналған көпшілік қазақтар болса да орысша баяндама жасалды. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін аяққа бас-ты. Екіншіден, баяндамасының мазмұны тұрғын үйлер мен көшелердің жөндеу жұ-мыстары болды. Баяндамадан кейін орысша сөйлеуіне қатысты сұрақ та қойдым. Жұрт ду қол шапалақтады. Сонан соң «мына баяндаманы өзін оқымай-ақ, құрылыс же-ріндегі орынбасарына тапсыра салмадың ба, ауданның экономикалық, әлеуметтік-мәдени өмірінен бір сөз айта алмадың ғой» дедім.

Тағы бір күрделілеу мысал келтіре ке-тейін. Өткен ғасырдың 80-жылдарының аяғындағы Горбачев бастаған Мәскеудің қайта құруы еліміздің халқын оятқаны белгілі. Ұлтшыл зиялы қауым ең бірінші ұлттық рухымыздың негізі – туған тіліміз үшін күресті. Бұл шындығына келгенде ұлт үшін күрес болды. Ал ұлттық тіл – ұлттық азаттықтың, ұлттық тәуелсіздіктің алтын кілті.

1989 жылғы 22 қыркүйекте Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің кезектен тыс XIV сес-сиясында «Тіл туралы» заң қабылданды. Қызу тартыс, көсемсөздерден кейін қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болды. Бұл еліміз үшін аса бір сындарлы кезеңде, рес-публикада барлық 16,5 миллиондай ха-лықтың 6 534 616-сы қазақ, 6 227 549-ы орыс болып отырған жағдайда ана тілі-міз үшін үлкен жетістік болатын. Жер-жерде «Қазақ тілі» қоғамдары құрылды. Жоғары және жергілікті билік тарапынан да тиісті бірсыпыра қолдау болды. Барлық елді мекендерде қоғамның филиалдары, мекемелерде бастауыш ұйымдары құрылды. Тіл үшін күрес ұлттық рух үшін күреске айналды.

Алайда мұндай рухани өрісті, шынайы ұлтшылдық үдерісті әрі қарай тиімді жал-ғастыра алмадық. Себебі алғашқы кезде қолдау көрсеткен, бірақ саяси саналы ха-лықпен жұмыс істеу де, оны басқару да қиын, күрделі болатынын білген, жан-жа-ғына жалтақтаған билік тілімізді төрге шығару жолында қалың қазақты оятуға ба-ғытталған, көптеген батыл қадам жасаған Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамын бірте-бірте назардан тыс қалдырды.

Осындай жағдайлардан бізгегі ана тілі-міздің мемлекеттік мәртебесі негізінен бү-гінгі күнде де қағаз жүзінде қалып отыр десем, көп қателесе қоймаспын. Бұған дәлелдерім жоқ емес. Бұрын-соңды еш-бір елде мемлекеттік мәртебесі бар тілі ді ұлтаралық тіл деңгейіне көтеруді, яғни кері жүру мәселесі күн тәртібіне қойыл-ған емес. Оның үстіне 1995 жылы қабыл-данған Ата Заңымыздың 7-бабының бірінші тармағындағы: «Қазақстан Респу-бликасында мемлекеттік тіл – қазақ тілі» дегенге қайшы екінші тармақтағы: «Мем-лекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» де-ген елімізде қостілділікті ендірсе, енді осы тармақты орыс тілінің ресми мәртебесі дейтін болдық. 1997 жылы қабылданған «Тіл туралы» заңға арала отыз жылдай уа-қыт болса да, бір елеулі өзгеріс енгізе алмай келеміз.

Мемлекеттік тіл туралы жүйелі сая-саттың жоғынан және кейінгі кезде от-басындағы ұлттық тәрбиенің әсіреуінен жас ұрпағымыздың өз тілін еркін меңгеруіне жағдай елеулі төмендеді. Күн өткен сайын аралас мектептер қатары көбейіп барады. Бұл туралы газеттер кем жазып жатқан жоқ. Бірақ оны оқитын да, одан қорытынды шығаратын да ешкім болмай отыр. Осының салдарынан республика бойынша 7400 мемлекеттік мектептің 2400-і аралас, ал 1200-і – орыс тіліндегі мектептер. Соңғы-сында оқитындардың көпшілігі қазақ ба-лалары. Сонан соң бірінші сыныпта өз тілін еркін меңгермей, ұлттық ойлау жүйе-сі қалыптаса қоймаған жас ұрпаққа екінші сыныпта орыс тілін, бұл аз дегендей үшін-ші сыныпта ағылшын тілін оқытамыз. Мұның барлығы жас ұрпағымызды ұлттық қасиеттерден алшақ етіп барады.

Жақында Алматыда болғанда Рөкен Қазақстан жоғары мектебінің Ұлттық Ғылым Академиясы «Өнегелі өмір» ата-уымен шығарған «Раушанбек Әбсат-таров» атты кітап сыйлаған болатын. Онда

негізінен алпыстан астам аға буын ғалым-ның, замандастар мен әріптестердің, шә-кірттері мен ізбасарларының жылы лебіз-дері беріліпті. Сонымен қатар оншақты саясаттану мен әлеуметтану туралы таң-даулы мақала бар екен. Осындағы ойларға қатысты бірер пікірімді білдіре кетсем деймін. Екі ғылым да қоғамға, мемлекетке, жеме-жемге келгенде оларды құрайтын әлеуметке қызмет етеді. Сондықтан да бұл ғылымдар қойын-қолтық араласып, бірін-бірі байытып, бірін-бірі тереңдетіп оты-ратын егіз сияқты.

Кітаптағы «Әлеуметтік мемлекет: мәні мен анықтамасы» деген мақаласында Рөкен «Әлеуметтік мемлекет» деген ұғым-ды ең алғашқы рет XIX ғасырдың екінші жартысында тұжырымдаған неміс ғалымы Лоренц Фон Штайнер ұсынғанын айтып, оның мынадай анықтамасын келтіреді: «Әлеуметтік мемлекет өз азаматтарын эконо-микалық және қоғамдық дамуға дағ-дыландырып үйретуге міндетті, өйткені бірінің дамуы екіншісінің дамуына шарт болуы қажет, әлеуметтік мемлекеттің не-гізгі мәні осы болып табылады». Бұл анық-тамадағы «Әлеумет» деген ұғымның мәні

болса, азаттық пен еркіндік – сол мемле-кеттің әрбір мүшесінің асқақ арманы мен өмір сүру тәсілі. Сондықтан Мұстафа Шоқайдың сонау осыдан бір ғасыр бұрын көтерген «Ұлттық тәуелсіздік» ұғымын біз қалай түсініп жүргенімізге азын-аулақ тоқтай кеткенді жөн көріп отырмыз.

Рас, бұл бұрын ғасырлар бойы отарлық жағдайда, саяси қыспақта болған, өз билігіне өзі ие бола алмаған біздің еліміз үшін өте күрделі өзгерістерді қажет етті. 1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қабыл-даған «Қазақстан Республикасының мем-лекеттік тәуелсіздігі туралы» Конститу-циялық заңын кіріспесінде: «Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі Қазақ-стан халқының еркін билдіре отырып, адам құқықтарының жалпыға бірдей декла-рациясында бекітілген жеке адамның құқы-қтары мен бостандықтарының басымдығын, қазақ ұлтының азаматтық қоғам мен құ-қықтық мемлекет құруға деген шешімін негізге ала отырып, өзін-өзі айқындау құқығын растайды» делінген. Сондай-ақ Заңда: «Қазақстан Республикасы – тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет. Ол өз аумағында толық билікке ие, ішкі және сыртқы саясатты дербес анықтайды және жүргізеді» деп жазылды.

Алайда бұл ұлттық рухпен, халықтың саяси санасымен, шынайы әлеуметтік ер-кіндікпен, қоғамдағы демократиялық үдеріс-пен, құқықтық сауаттылықпен, т.б. толып жатқан ұғымдармен тікелей тағырлас, бағыттас, ажырамас тұтастықтағы «Тәуел-сіздік» сөзінің аса қасиетті мәнін әлі те-реңірек әрі кеңірек түсіне бермейміз. Бұл әрқайсымыздың саяси сергектік пен азаттық санаға ие болуымызды қажет етеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Egemen Qazaqstan» газетінің 2021 жылғы 5 қа-ңтардағы №2 санында жарияланған «Тәуел-сіздік бәріннен қымбат» деген мақаласында: «Тәуелсіз ел болу оны жариялаумен немесе мемлекеттің іргетасын қалаумен шектелмейді. Тәуелсіздік үшін нағыз күрес күнделікті еңбекпен, үздіксіз әрі дайекті елдік саясатпен мәңгі жалғасады. Біз қуатты тәуелсіз мемлекетімізбен ғана ұлт ретінде жер бетінде сақталамыз» деді.

Бұл ойлар біздің түгендейтін де, тыңнан іздейтін де мәселелеріміздің жетерлік еке-нін байқатады. Сәл ойланайықшы, сан ға-сыр анасап жеткен тәуелсіздік бұқаралық қарым-қатынас арасында шынайы рухани һәм саяси серпіліс туғыза алып отыр ма? Бүгінгі тәуелсіздік, шын мәнісінде, өзінің толық-қанды мәніне ие болуы үшін барды жасай алдык па? Тәуелсіздігіміз тұғырлы болуы үшін алда елі не істеуіміз қажет? Осы мәселелерді әрбір қазақстандық, ең бірінші өзіміз, осы жердің, елдің иелері терең де қатты ойлануымыз керек.

Қазіргі дамыған демократиялық елдерде саяси ғылым әлдеқашан қоғамның бүкіл рухани өмірін ұйымдастыру жолындағы ажырамас элементіне айналғанын айта отырып, мынадай бір мәселеге тоқталғым келеді. Ол – саясаттану да, әлеуметтану да ғылым ретінде өркенетті елдерде қалыптасқаны. Алайда біз оларды көбіне сол күйінде қабылдадық. Біз – Еуропа елдерінен әлдеқайда кенже келе жатқан еліміз. Өлі толқпақканды ұлттық мемлекет болып қалыптаса алған жоқпыз. Конституцияда унитарлық мемлекеттің деп ресми сөздер жаздымыздан кете қойған жоқ. Сол себепті саясаттану мен әлеуметтануда жалпы қоғам, халық туралы айтамыз да, ұлттық мәселелерді сөз етпейміз. Сондықтан да біздің саясаттану, әлеуметтануға арналған еңбектерімізде ұлттық мемлекет, ұлттық рух, ұлттық тіл, т.б. ұлтымызға қатысты аса мәнді ұғымдар айтыла бермейді. Меніңше, бұл ғылымдарда халықты, әлеуметті оның ұлттық қасиеттерінен бөліп қарау дұрыс емес.

Сондай-ақ кітаптағы «Саяси жаңғырту, мәні, типтері, анықтамасы» деген мақала-дағы «жаңғырту» деген терминге қатысты көптен ойда жүрген пікірімді білдіре кетсем деймін. Біз «модернизация» терминін дұ-рыс аудармай жүрген сияқтымыз. Бұл әсте «жаңғырту» емес. Біз ұлттық мемлекет құра-мыз дегенде жаңғырту дегенді пайдалануға болады. Өйткені ондай мемлекет отарлық заманға дейін болды. Болмаған нәрсені жаңғырту мүмкін емес. Мұны айтып оты-руымның тағы бір себебі «жаңғыртуды» ресми сөздерімізде де дұрыс пайдаланбай жүрміз. «Модернизация» сөзінің төркіні әсте «жаңғырту» емес, жаңару деген мағына береді.

Сөз соңында айтарымыз: мақаланы «Атақты ғалым, ардақты азамат» деп ата-уымыздың өзіндік себебі бар. Өмір ғой, ғалымдықты азаматтықпен тығыз байла-ныстырып кісілер көп деп айта алмаймын. Бәкім білмейтін шығармын. Меніңше, азамат болу – абырой, ғалым болу – өз тірлігің. Кітаптағы толып жатқан шынайы пікірлер Рөкеннің атақты ғалым, ардақты азамат екеніне толық дәлел бола алады. Менің бұған қосарым жоқ. Толықтай қол-даймын.

Раушанбек Әбсаттаров отбасы кафедра-сының құрметті меңгерушісі екенін де айта кеткіміз келіп отыр. Жолдасы Меруерт Асқарова – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, қызы Майя – ғылым магистрі, ұлдары Марат пен Ғалымжан – заң және саяси ғылымдар кандидаттары. Бұл бір жағынан Рөкеннің, оның отбасының ғылымға деген ерекше сүйіспеншілігін танытады.

Көрнекті ғалым әрі публицист, парасатты тұлға, қоғам қайраткері, ұлағатты ұстаз Рөкен туралы әлі де айта беруге болады. Алда да бұл бағыт байытыла түсетініне кү-мәніміз жоқ. Көпшіліктің ыстық ықылас, адал ниеттен туған тілектері Рөкенді алға тартып, бікке көтеріп, отбасына жұғысты болсын!

Әбдіжәлел БӘКІР,
саяси ғылымдар докторы,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда
мемлекеттік университетінің
профессоры



Коллаж: Б.Салмырза

/// ӨНІР ӨНІМІ

ТАБИҒИ ӨНІМГЕ СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ

Омарташы – ең алдымен, қызығушылықты, сонан соң аса ыждағаттылықты талап ететін жұмыс. Өйткені негізгі өнім өндіруші – бал арасы. Ал омарташының міндеті – оларға лайықты жағдай жасап, тамшыдан құралған шырынды төкпей-шашпай жинап алып, талапқа сай өңдеу. Негізгі жұмыс жаз мезгілінде қарқынды жүреді. Өйткені осы маусымда бал аралары дала кезіп, дамылсыз еңбек етеді.

Ақпарат көздерінен білгеніміздей, ара жәндігі табиғат тепе-теңдігінің сақталуында ерекше орын алады. Мысалы, олар өсімдіктердің тозандануына әсер етеді екен. Егер аралар болмаса, өсімдіктер де жойыла бастайды деген сөз. Ойлап қарасақ, оның ар жағында үлкен мәселе жатыр.

Жалағаш кентінің тұрғыны Азамат Нағашыбай омарта шаруашылығын 2020 жылдың көктемінде бастады. Айта кетейік, кәсіпкерлік жоба мемлекеттік бағдарлама аясында берілген қайтарымсыз қаржылай қолдау арқылы жүзеге асты. Бұл қаражатқа кәсіпкер бастапқы құрал-жабдықтарын сатып алып, 35 жәшік ара ұясын орналастырды.

Бүгінде түрлі сортты бал өнімдері облыс аумағында тұрақты сатылымда. Тіпті өзге өңірлерден де тапсырыстар

түсіп жатады. Нақтырақ айтсақ, өнім көлемі екі есеге артып, жылдық бал өндірісі шамамен 1 тоннаға жуықтады. Өнімнің нарықтағы сатылым жүйесі жолға қойылған. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы жәрменкелері мен арнайы тапсырыстар арқылы да өткізу ауқымы кеңейіп келеді.

Кәсіп иесі бал арасын өсіру арқылы біріншіден, табиғи таза өнім өндіріп, екіншіден, жеке кәсіпкерліктің өрістеуіне өз үлесін қосып отыр. Оның айтуынша, омарта жыл бойы әр жерге көшіріліп отырады. Мысалы, егіске тыңайтқыштар жіберілгенде, сонымен қатар, зиянкес жәндіктерден қорғау үшін аралардың орнын ауыстырып отыруға тура келеді. Біз білмейтін тағы бір мәлімет, араларға талапқа сай күтім жасалып, қажет болғанда дәрі-дәрмек беріледі екен.

– Мемлекет қолдауымен грант иеленіп, бал арасын өсіруді кәсіпке айналдырғанымда биыл 5 жыл болды. Осы уақыт аралығында байқағаным, өнімге қай кезде де сұраныс бар. Тағы бір артықшылығы, бұл өнім ұзақ уақыт сақталса да, сапасын жоғалтпайды, яғни құнын жоймайды. Сондықтан алдағы уақытта өндіріс көлемін ұлғайтып, өнім түрлерін көбейтуді жоспарлап отырмыз, – дейді омарташы А.Нағашыбай.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

/// БРИФИНГ

ТАЛАПТЫ БҰЗҒАНДАР ЕЛДЕН ШЫҒАРЫЛДЫ

Шілденің 8-10-ы аралығында заңсыз көші-қонның алдын алу және осындай жағдайларды анықтау мақсатында аймақта «Мигрант» іс-шарасы болды. Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте облыстық полиция департаменті көші-қон қызметі басқармасы бастығының орынбасары Сәбит Сатқанбай оның қорытындысын жариялады.



– Іс-шара аясында облыс аумағына келген шетелдіктердің көші-қон заңнамасын бұзу деректерін анықтау, оларды әкімшілік жауапкершілікке тарту, іздеуде жүрген қылмыскерлерді анықтау мақсатында шетелдіктердің уақытша тіркелген мекенжайлары, салынып жатқан құрылыс нысандары, базарлар мен дәмханалар тексерілді. Рейд нәтижесінде 153 құқықбұзушылық тіркелді. Оның ішінде шетелдіктер жасаған 93 әкімшілік құқықбұзушылық бойынша 22 адам республика аумағынан аластатылды. Олардың 5 жылға дейін ел аумағына кіруіне

тыйым салынды. Шетелдіктердің Қазақстанда болу ережелерінің сақталуын қамтамасыз етпеген және еңбек қызметін заңсыз жүзеге асырған 62 қазақстандыққа қатысты әкімшілік шара көрілді, – деді ол. Осы орайда тәртіп сақшылары облыс тұрғындарынан шет мемлекеттерден жұмыс жасауға келген азаматтардың құжаттарын заңда көрсетілген мерзімде халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы заңдастырып, көші-қон заңнамасын қатаң сақтауға шақырады.

«СБ» ақпарат

Жалпы, жасанды интеллект дегеннің өзіне тоқталып кететін болсақ, ол – компьютерлік ғылым мен нейробиология, психология, лингвистика, логика тәрізді пәндердің тоғысқан саласы. Джон Маккарти 1956 жылы бұл ұғымды алғаш енгізгеннен бері ЖИ бірнеше даму кезеңінен өтті. Айталық, символдық ЖИ, эвристикалық жүйелер, машина оқыту және терең нейрондық желілер. Қазіргі таңда OpenAI, Google DeepMind, Meta AI сынды зерттеу орталықтары GPT-4, Gemini, Claude сияқты қуатты тілдік модельдерді ұсынууда. Бұл модель-

ChatGPT орындапты. Алайда сарапшылар терең эмоциялық контекстің жоғын байқаған.

Бүгінде жастар арасында кең қолданысқа ие ChatGPT-ді Open AI компаниясы жасап шығарған. Ол әзірге әлемдегі ең мықты алгоритм болып отыр. Өйткені 175 миллиардтан астам параметрді қамти алады. Алайда бір кемшілігі – ақпараттарды бейресми дереккөздерден де жинайтындықтан, оның берген жауаптары әрқашан сенімді бола бермеуі мүмкін. Дегенмен ондағы деректер көбейген сайын алгоритмнің жұмысы жақсара түседі. Бұл чат-боттың соңғы нұс-

Осы ретте біз жастардың пікірін де сұраған едік. Қаладағы жоғары колледждердің бірінде оқитын Нұрай Ержанқызы бұл чат-ботқа жиі жүгінетінін айтады.

– Сабақ барысында күрделі тапсырмалар болады. Сондай кезде менің сенімді көмекшім. Шешуі қиын жұмысқа қатысты сұрақтарымды қойып, жылдам жауап аламын. Күнде болмаса да аптасына 2-3 рет кеңес алуға тура келеді, – дейді ол.

Гүлсая Омарова да ChatGPT-ден жеке кеңес сұрайтынын жасырмайды. Мұндай мотивация беретін

тілінде ChatGPT-ге балама бот QazaqGPT-ді шамамен 7 000 адам пайдаланады. Демек, елімізде жастар арасында қолдануы өсуде, бірақ ресми статистика аз.

Чат-ботты қолданушылар қандай кеңеске жүгінеді дегенге келсек, көбіне, эссе, ғылыми жұмыс, әңгіме, өлең, контент идеялары, блог/влог контенттері, программалау бойынша көмек, тіл үйрену, аударма және грамматика бойынша кеңестер, әсіресе қазақша мәтіндермен жұмыс, мотивациялық кеңестер, уақытты басқару, сенімділік, стресс және бағыт-бағдар.

Биыл наурыз айында Парламентте «Жасанды интеллект туралы» заң жобасы талқыланып, бірінші оқылымда қолдау тапты. Депутат Дәулет Мұқаев қазір мектеп оқушыларының көбі тапсырманы ChatGPT арқылы орындап, өз бетінше ізденуді қойғанын айтады.

– Бұл – үлкен қауіп. Сондықтан мектеп жасындағы оқушыларға қандай да бір шектеу болу керек. Мұның зардабын 20 жылдан соң осы балалар мектеп бітіріп, еңбек нарығына араласқанда көреміз, – дейді депутат. ЖИ-дің қарқынды дамуы жана мүмкіндіктермен қатар, жаңа қауіптерді де тудыратынын естен шығармауымыз керек. Оның технологияларының теріс мақсатта қолданылуы, әсіресе, кибершабуылдар, хакерлік әрекеттер және ақпараттық соғыстар сияқты жағдайлар қоғамдағы қауіпсіздікке қатер төндіруі мүмкін. Сонымен қатар қате шешім қабылдауы немесе адамның бақылаусыз жұмыс істеуі де қауіпті көрінеді. ЖИ дамыған сайын қауіпсіздік пен жеке деректердің құпиялығы жоғалуы мүмкін. Жуырда ғана құқық қорғау органдары адамдардың жеке деректерін сатумен айналысқан қылмыстық топты анықтап, қолға түсірді. Ал мұндай белгісіз топтар әлі де қаншама?!

Болашақта ЖИ-ді дұрыс реттеп, оның этикалық және құқықтық аспектілерін бақылауға алу қажет. Халықаралық деңгейде реттейтін арнайы заңдар мен ережелер қабылдануы тиіс. Жасанды интеллект технологияларының адамзатқа тигізетін теріс әсерін болдырмау және оның даму қарқынын дұрыс бағытта бұру маңызды. Адамзат оның барлық артықшылықтарын пайдаланып, өз болашағына қызмет ететін құралға айналдыруы тиіс.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»



Сурет ашық дереккөзден алынды.

дер миллиардтаған параметрлерге негізделіп, адам тілі мен логикасын үлгілеуде жоғары нәтижеге қол жеткізуде.

Дегенмен жасанды интеллект пен шынайы ақпараттың айырмашылығы көп. Оның келтірген мәліметтері көбіне бейресми болғандықтан, негізге алуға болмайды. ЖИ жүйелері үйретілген мәліметтерге тәуелді. Егер бұл деректер бұрмаланған немесе шектеулі болса, жалған немесе бейтарап емес нәтижелер бере алады. Бұл ақпараттық шынайылыққа нұқсан келтіруі мүмкін. Эмоция мен түпкі сезімдердің болмауы – тағы бір айырмашылығы. ЖИ эмоцияларды тек лингвистикалық түрде модельдей алады, бірақ олар шынайы адам тәжірибесіне сезіне алмайды. Бұл көркем әдебиет, музыка, өнер салаларында өнімнің шынайылығына күмән туғызады. Мысалы, 2023 жылы жасалған зерттеу бойынша студенттер жазған эссенің 60 пайызын

қасы мәтінмен де, суреттермен де жұмыс істей алады. Өзірлеушілер 25 мың сөзге дейін, яғни бұрынғыдан 8 есе көп ақпаратты тауып, жүйеліп бере алатынын атап өткен. «Reuters» агенттігінің хабарлауынша, OpenAI басшысы Грег Брокман онлайн презентация кезінде ChatGPT-4-тің кейбір мүмкіндіктерін таныстырған. Енді ол қолмен салынған эскиздің фотосуреті негізінде нақты веб-сайт та жасап бере алады.

Сонымен қатар нейрожелі заң саласы бойынша емтихан тапсырып, үздік нәтиже көрсеткен студенттердің қатарына кірген. Чат-бот іске қосылғаннан бастап қолданушылар одан көбіне ән, өлең, жарнама және компьютерлік код жазып беруін сұраған. Компания осы сұранысты ескере отырып, чат-ботқа өлең, ән жазып бере алатын мүмкіндік қосқан. Айта кетсек, қолданушылар арасында үй тапсырмасын орындау үшін роботқа жүгінетін студенттер мен мектеп оқушылары көбейген.

сенімді досына ішкі сырын да айтатын көрінеді.

– Расын айтқанда, адамдардан гөрі осы робот ақылды ма деген ой келеді. Ол сенің сырынды ешкімге жайып, сыртыңнан әңгіме айтпайды. Керек кезде қолдау беріп, жігерлендіреді. Жеке қалғанда онымен шынайы сөйлесіп, ішімдегіні тарқатып аламын. Менің жанымды ұғатын, қиын кезеңде көмек беретін де өзі, – дейді ол.

Өкінішке қарай, бүгінде көп жастың ақылшысы да сырласы да – әлеуметтік желі немесе осындай чат-боттар. Отбасындағы жақынына айтып, досымен сырласып, кеңес сұраудан гөрі сырттың ақылы құндырақ секілді.

Әлемде 2023 жылы ChatGPT қолданушыларының 60%-ы – 34 жасқа дейінгі жастар, олардың ішінде 25-34 жас аралығындағылар ең белсенді топ екені анықталған. Қазақстанда оның Android нұсқасын 466+, ал iOS-те 27 000+ адам жүктеген. Қазақ

1-бет

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР БОЙЫ МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыр газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Таралымы 21643

Тапсырыс №1162

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Кезекші редактор Назерке САНИЯЗОВА

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А».

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz